Бұйрық № 1

Ақтөбе қ. **«01» 09 2026 ж**

«Өрт қауіпсіздігіне сәйкес келетін өртке қарсы режимді белгілейтін өрт қауіпсіздігі шаралары туралы»

Алдын алу іс-шаралары және өрттің туындауына жол бермеу мақсатында «ГүлҚуан-2» балабақшасы обьектісінде өртке қарсы режим орнату. Жұмысқа міндетті түрде қабылдайтын барлық қызметкерлер кіріспе,алғашқы өрт нұсқаулығынан өту, сондай-ақ жауапты тұлғалар өрт-техникалық минимум бағдарласы бойынша оқытудан өтуі қажет. Барлық қызмет көрсетуші персонал ғимараттың жоспарлануын,негізгі және қосымша эвакуация жолдарының болуын білуі, өртке қарсы талаптарды қатаң сақтауы тиіс.

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптарға техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 Өрт қауіпсіздігі қағидалардың бекіту туралы бұйрығына сәйкес жазғы уақытта аумақты әрқайсы 200 литрден екі ыдыспен қамтамасыз ету қажет. Автоматты өрт сигнализациясы және өрт туралы адамдарға хабарлау жүйелеріне қызмет көрсету және жоспарлы алдын алу жөндеу жөніндегі қызмет көрсетуші ұйыммен шарт жасасу. Жылына бір рет электр қондырғыларына , электр сымдарына және жерге тұйықтау құрылғыларына электрлік зертханалық сынау жүргізу Өрт сөндірудің бастапқы құралдарын мезгіл- мезгіл көзбен шолып тексеру ,қажет болған жағдайда мамандандырылған ұйымда қайта зарядтау. Мекемеде жарты жылда бір рет өрт пайда болған жағдайда адамдарды эвакуациялау іс-әрекеттерін ұйымдастыру және өрт сөндіру жоспарын өртке қарсы қызмет органдарымен бірлесіп пысықтау бойынша қызмет көрсетуші персоналмен оқу-жаттығу өткізу. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін сөндірілген Электр аспаптары мен жарықтандырудың болуын тексеру мақсатында барлық үй-жайларды аралап шығу . Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ӨҚБ бойынша жауаптыға Г.Елубайқызына жүктелсін.

МДҰ «ГүлҚуан-2» директоры : Сансызбайқызы Г.

Бұйрықпен таныстым: Елубайқызы Г.